Ұлттық Банк Төрағасының орынбасары Виталий Тутушкиннің бөліп төлеу нарығын дамыту және оны реттеудің ықтимал тәсілдері туралы тезистері

BNPL жүйесінің дәстүрлі бөліп төлеуден айырмашылығы қандай?

BNPL (Buy Now, Pay Later – «қазір сатып ал да, кейін төле») – тауарды немесе қызметті бірден сатып алып, ақысын бірнеше бөліп төлеуге мүмкіндік беретін қысқа мерзімді төлем тәсілі. Әдетте, сатып алынған тауардың немесе қызметтің құны төрт бірдей төлемге бөлінеді.

Дәстүрлі бөліп төлеу – ауқымы кеңірек ұғым. Бұл тәсіл бойынша сатып алушы тауардың немесе қызметтің ақысын белгілі бір мерзім ішінде бөліп төлейді. Бұл ретте пайыздық сыйақы ашық түрде есептелмейді.

Ұлттық Банк неліктен банктен тыс ұйымдардың бөліп төлеу нарығын зерделеп жатыр?

Бөліп төлеу тәсіліне сұраныс артқан сайын нарықта қаржылық емес ұйымдар ұсынатын жаңа өнімдер пайда болуда. Олардың кейбір белгілері тұтынушылық кредиттерге ұқсас.

2026 жылғы қыркүйекте Ұлттық Банк осы нарықтың дамуына арналған талқылау құжатын жариялады. Құжаттың мақсаты – нарықтың ауқымын бағалау, ықтимал тәуекелдерді анықтау, сондай-ақ нарық қатысушылары мен тұтынушылардың пікірін білу.

Бұл жерде, мәселен, үй жанындағы дүкеннің тауар ақысын кейін төлеуге мүмкіндік беруі сияқты кез келген төлемді кейінге қалдыру тәсілі туралы сөз болып отырған жоқ. Әңгіме шарт негізінде рәсімделетін, төлем кестесі мен мерзімдері алдын ала белгіленген және төлемді кешіктіргені үшін айыппұл көзделген бөліп төлеу қызметтері туралы болып отыр.

Банктен тыс ұйымдар ұсынатын бөліп төлеу қызметтерінің қандай тәуекелдері бар?

Бөліп төлеу де қаржылық міндеттеме болып саналады және адамның борыш жүктемесін арттырады. Алайда қаржылық емес ұйымдардың басым бөлігімен жасалған мұндай мәмілелер кредиттік тарихта көрсетілмейді әрі оларға қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі қолданыстағы талаптар қолданылмайды.

Соның салдарынан айыппұлдар мен өсімпұлдарды есептеу шарттары тұтынушыға түсініксіз болуы мүмкін. Ал азаматтың жалпы борыш жүктемесі өзіне де, басқа кредиторларға да толық мәлім болмайды.

Кредиттік бюролардың деректерінсіз мұндай міндеттемелердің нақты ауқымын бағалау және борыштың шамадан тыс жиналуынан туындайтын тәуекелдерді дер кезінде анықтау қиын.

Ұлттық Банк бөліп төлеуге шектеу қоюды жоспарлап отыр ма?

Талқылау құжатының жариялануы Ұлттық Банк бөліп төлеу қызметтеріне шектеу қояды деген сөз емес.

Басты мақсат – нарықтың ашықтығын арттыру және тұтынушылардың құқықтарын қорғау. Ұсынылып отырған шаралар бөліп төлеу қызметінің бағасы мен көлемін шектеуге емес, шарт талаптарының тұтынушыға түсінікті болуына бағытталған.

Ұлттық Банк өзгерістерді әзірлеу кезінде қызмет көрсетушілердің, сауда орындары мен тұтынушылардың мүдделерін ескереді. Бұл тауарлардың қымбаттап кетпеуі және халыққа қолжетімді болып қалуы үшін маңызды.

Қандай талаптар енгізілуі мүмкін?

Алдын ала бағалауға сәйкес, реттеу шараларының басым бағыттары мыналар болуы мүмкін:

- шарттың барлық маңызды талаптарын, оның ішінде төлемді кешіктіргені үшін салынатын айыппұлдар мен өсімпұлдардың мөлшерін толық әрі түсінікті көрсету;
- бөліп төлеу қызметтерінің жарнамасына тұтынушыларды жаңылыстырматындай талаптар белгілеу;
- халықтың жалпы борыш жүктемесі туралы неғұрлым толық мәлімет алу үшін бөліп төлеу операциялары жөніндегі ақпаратты кредиттік бюроларда есепке алу мәселесін пысықтау.

Реттеудің нақты тетіктері, жаңа талаптар қолданылатын ұйымдардың тізбесі және тиісті өзгерістерді әзірлеу мерзімдері ведомствоаралық келісу мен басқа да қажетті рәсімдер аяқталғаннан кейін айқындалады.

Қандай ұсыныстар түсті және алдағы жұмыс қалай жүргізіледі?

Талқылау құжатына қатысты пікірлер мен ұсыныстар 2026 жылғы 3 қарашаға дейін қабылданды. Дегенмен Ұлттық Банк осы мерзімнен кейін де ұсыныстарды қабылдап, қарауға дайын.

Қазірге дейін салалық қауымдастықтар, маркетплейстер мен сауда кәсіпорындары мен тұтынушылар пікірлерін жолдады.

Ұлттық Банк құқық қорғаушылардың, тұтынушылар құқығын қорғау сарапшыларының, бөліп төлеу қызметін көрсететін ұйымдар мен кәсіби бірлестіктердің, сондай-ақ сауда компанияларының ұсыныстарын да күтеді.

Ұсыныстар бөліп төлеудің әртүрлі түрлеріне, атап айтқанда, тауарларды бөліп төлеуге сатып алуға, автокөлікті кейін сатып алу құқығымен жалға алуға және құрылыс компанияларынан жылжымайтын мүлікті бөліп төлеуге алуға қатысты болуы мүмкін.

Барлық пікірлер мен ұсыныстар қаралған соң, олардың қорытындысы жинақталып, жарияланады.

Ұсыныстарды bnpl@nationalbank.kz электрондық поштасына жолдауға болады.

Азаматтар бөліп төлеу қызметін рәсімдегенде нені ескеруі керек?

Бөліп төлеу қызметін рәсімдемес бұрын шарт талаптарымен мұқият танысып, өз қаржылық мүмкіндіктерін алдын ала бағалап алған жөн.

Атап айтқанда, төленетін жалпы соманы, айыппұлдар мен өсімпұлдардың мөлшерін, төлемді кешіктірген немесе мүлде төлемеген жағдайда туындайтын салдарды, сондай-ақ қолданыстағы барлық кредиттер мен бөліп төлеу шарттары бойынша ай сайын төленетін жалпы соманы нақтылап алу қажет.

Сонымен қатар шарттың көшірмесі мен төлем кестесін сақтап қойған дұрыс. Бөліп төлеу халық үшін қолжетімді төлем тәсілі болып қалуға тиіс. Бұл ретте оның шарттары тұтынушыға түсінікті әрі қауіпсіз болуы қажет.